

Ғ.Т. Майкотова* , А. Қамидолла , Т. Жәнібек ,
К. Мухатаева , Н.Б. Есхуатова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: maykotova.galyiya@gmail.com

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ РАДИОХАБАРЛАРДЫ ТАРАТУДЫҢ ТАРИХИ-ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Ғылыми зерттеу мақалада халықаралық ақпараттық кеңістіктегі қазақ тіліндегі радио-хабарларды таратудың тарихи-даму кезеңдері жан-жақты қарастырылады. Қазіргі таңда шетелдік БАҚ-тағы радиостанциялардың пайда болуы, қалыптасуы, ондағы қазақ тілді ақпараттардың Қазақстанның саяси-идеологиялық жағдайына әсерін салыстырмалы түрде зерттеудің маңызы зор. Мақалада халықаралық телерадиокомпаниялар «Би-Би-Си», «Америка дауысы», «Неміс толқынының» қазақ тіліндегі хабар тарату жүйесіндегі тәжірибесіне назар аударып, Орта Азия кеңістігіне жол ашқан «Азаттық радиосының» еліміздің демократиялық жағдайын қалыптастыруға көшбасшы болғандығы дәлелденеді. Халықаралық ақпараттық кеңістіктегі қазақ тіліндегі радиохабарларды таратудың тарихи-даму кезеңдеріне талдау жасалып, басты ерекшеліктері айқындалады.

Мақаланың ғылыми жаңалығы халықаралық радиолардың ұлттық эмиграцияның азаттығын қорғау, отаршылдыққа қарсылық таныту жолындағы, сондай-ақ ұлттар бостандығы мен демократиялық қоғамның жаһандық трансформациялық қызметіне функционалдық талдау жасау болып саналады.

Кеңес өкіметі жылдары қазақ тілінде хабар таратқан Қытайдағы Бейжин, Шыңжаң радиостанцияларының ақпараттарының қоғамдық-саяси мазмұнын ашудағы әдіс-тәсілдеріне баға беріледі. Сонымен қатар Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы, Иран және Түркия, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан елдерінің қазақша хабарлары ғылыми тұрғыда сараптаудан өткізіледі.

«Түркия үнінің» жергілікті FM радиоарнасындағы қазақ тілінде жүргізілетін радиохабарларының тарату жүйесі зерттеледі. Халықаралық радионың өз аудиториясына жақын болу үшін эфирдің жергілікті ақпараттарын арттырудағы мақсатына назар аударылады. «Түркия үні» радиосының қазақша редакциясының Қазақстан туралы ақпараттарының ерекшеліктері сипатталады.

Мақаланың негізгі нәтижелері мен тұжырымдары – халықаралық ақпараттық кеңістіктегі қазақ тіліндегі радиохабарларды таратудың Қазақстанның әлемдік деңгейдегі имиджін арттырудағы жетістіктерін айқындау. Халықаралық ақпараттардың дамуы еліміздің демократиялық жағдайын нығайтуға, Қазақстанның әлем алдындағы беделін көтеруге тікелей әсер ететін болғандықтан, оның теориялық-тәжірибелік және қоғамдық даму үрдістерін зерттеу көзі ретінде қарастыру қажет. Мақалада халықаралық ақпараттық кеңістіктегі қазақ тіліндегі радиохабарларды зерттеудің ғылыми-тұжырымдары оның тәжірибелік құрылымын сұрыптау, талдау, синтездеу әдіс-тәсілдері арқылы жасалады.

Түйін сөздер: Шетелдік радиолар, «Азаттық радиосы», «Түркістан» редакциясы, Шыңжаң радиосы, «Түркия үні» радиосы.

G.T. Maykotova*, A. Kamidolla, T. Zhanibek,
K. Mukhatayeva, N.B. Eshuatova
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: maykotova.galyiya@gmail.com

Historical and development stages of Kazakh-language radio broadcasting in the international information space

The research article discusses in detail the historical and development stages of radio broadcasting in the Kazakh language in the international information space. Today it is important to make a comparative study of the emergence and formation of radio stations in foreign media, the impact of Kazakh-language information on the political and ideological situation in Kazakhstan. The article draws attention to the experience of international broadcasters such as the BBC, Voice of America, and German Wave in the

Kazakh-language broadcasting system, and argues that RFE / RL, which opened the way to Central Asia, was a leader in shaping the country's democracy. The historical and development stages of radio broadcasting in the Kazakh language in the international information space are analyzed and the main features are identified.

The scientific novelty of the article is the functional analysis of international radio in the protection of national emigration, resistance to colonialism, as well as the global transformation of national freedom and democratic society. The methods of revealing the socio-political content of the information of Beijing and Xinjiang radio stations in China, which broadcast in the Kazakh language during the Soviet era, will be evaluated. In addition, Kazakh broadcasts from the Bayan-Ulgei region of Mongolia, Iran and Turkey, Russia, Uzbekistan and Kyrgyzstan will be scientifically analyzed. The Kazakh-language broadcasting system of the local FM radio channel «Voice of Turkey» will be studied. Attention is paid to the purpose of international radio to increase the local content of the broadcast in order to be closer to its audience. Features of the information about Kazakhstan in the Kazakh edition of the «Voice of Turkey» radio are described.

The article presents the scientific conclusions of the study of radio broadcasts in the Kazakh language in the international information space through the methods of selection, analysis, synthesis of its practical structure.

Key words: Foreign radios, «Radio Liberty», «Turkestan» editorial office, Xinjiang radio, «Voice of Turkey» radio.

Майкотова Ғ.Т.*, Камидолла А., Жанибек Т.,
Мухатаева К., Есхуатова Н.Б.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: maykotova.galyiya@gmail.com

Историческое развитие этапов распространения казахоязычных радионовостей в международном информационном пространстве

В научно-исследовательской статье рассматриваются основные этапы распространения радионовостей на казахском языке в международном информационном пространстве. На данный момент важно провести сравнительное исследование появления и становления радиостанций в зарубежных СМИ, влияющих казахоязычной информации на политическую и идеологическую обстановку в Казахстане. В статье обращается внимание на опыт международных новостных компаний, таких как BBC, «Голос Америки» и «Немецкая волна», в системе вещания на казахском языке и утверждается, что «Радио Азаттық», открывшее путь в Центральную Азию, является лидером в формировании системы вещания и демократии в стране. Проанализированы исторические этапы развития казахоязычного радиовещания в международном информационном пространстве, выделены основные составляющие.

Научная новизна статьи – проведение функционального анализа международного радио в сфере защиты национальной эмиграции, сопротивления колониализму, а также глобальной трансформации национальной свободы и демократического общества.

Проводится оценочный анализ метода раскрытия социально-политического содержания информации радиостанциями в Пекине и Синьцзяне КНР, вещавшими на казахском языке в советские годы. Кроме того, сделан научный анализ казахских передач из Баян-Ульгейского района Монголии, Ирана, Турции, России, Узбекистана и Кыргызстана.

Исследуется казахоязычная система вещания местного FM-радиоканала «Голос Турции». Уделяется внимание цели международного радио – увеличить объем содержания новостей местного вещания, и таким образом быть ближе к своей аудитории. Описаны особенности информации о Казахстане в выпуске радио «Голос Турции» на казахском языке.

Основные результаты и выводы – авторы статьи провели анализ радионовостей на казахском языке, распространяемых зарубежными радиостанциями, ориентированными сначала на население Советского Союза, а в настоящее время на общество постсоветского пространства. Также проведен сопоставительный анализ разных, но в то же время схожих международных радиовещательных компаний, целью которых являлось донести правду до советского народа, подвергшегося идеологической обработке со стороны авторитарной власти компартии XX столетия.

В статье представлены научные выводы исследования радиопередач на казахском языке в международном информационном пространстве методами отбора, анализа, синтеза его практической структуры.

Ключевые слова: зарубежные радиостанции, «Радио Азаттық» («радио Свобода»), редакция «Туркестан», радио Синьцзян, радио «Голос Турции».

Кіріспе

Қазақ тілінде халықаралық хабар тарату жүйесі саяси жағынан өткір насихат құралдары ретінде алғашқы әлемдік радиостанциялар арқылы қалыптаса бастады. Сыртқы хабарлардың мақсаты – шекарадан тысқары орналасқан елдердің мақсат-мүдделерін жұртшылықпен таныстырып, қоғамдық пікір тудыру болды. Әлемдік масштабта сенім атмосферасын тудырып, мәдени диалогтың қарым-қатынас әдістерін жетілдіруге үлес қосты.

Америкалық ғалым Поль Лайнбарджер 1950 жылы жазған өз еңбегінде: «Радио – идеологиялық жағынан ықпал ете алатын ең басты БАҚ құралы. Радионы кез келген жерде тыңдай аласың. Бір жағынан миллиондаған халыққа ақпарат жеткізудің ең арзан құралы екендігі шүбәсіз», – деген пікір білдіреді.

Ғалымның пайымдауынша, халықаралық радиостанциялардың пайда болуы елуінші жылдары дүниежүзінде «қырғи-қабақ соғыс» кезеңіне тұспа-тұс келді. Сондықтан шетелдердегі радио-ақпараттарды тарату ісін зерттеу мәселесін «қырғи-қабақ соғыспен» байланыстырмай баға беру мүмкін емес. Себебі, сыртқы хабарларды жеткізу кезінде радиоақпараттарды басым көпшілігінде «жау бейнесі» көрініс табады (Омашев Н, 1992: 304).

Халықаралық радиотарату ісі соғыстан кейінгі жылдары, ең алғаш 1946 жылы Би-Би-Си-дің орыс тіліндегі хабар таратуынан бастау алады. 1947 жылы «Америка дауысы» мен «Неміс толқыны» хабар тарата бастаса, 1953 жылы «Азаттық радиосы» ақпараттық кеңістікке жол тартты. «Азаттық» радиокорпорациясының ашылу себебі, 1951 жылы 8 ақпанда Америка Комитетінің Ресей халықтарының құрамындағы ұлттық эмиграцияның азаттығын қорғау мәселесіне байланысты болды. Орталығы Нью-Йоркте орналасқан Комитеттің тұңғыш президенті, Юнайтед Пресстің мәскеулік тілшісі, «Ридерс дайджес» газетінің аға редакторы Юджин Лайонс атқарды. Сонымен қатар «Тайм» журналының вице-президенті Алмен Гровер, Гарвард университетінің профессоры Уильям Эллиот комитет құрамына журналист ретінде кіреді (Baumolda D., 2012: 307).

Профессор Н. Омашевтің зерттеулеріне сүйенсек, 1951 жылы 7 қарашада Комитет баспасөз үшін шұғыл мәлімдеме таратады. Кеңес Одағынан шыққан он бір эмигранттың бесеуі – орыс ұлтынан, алтауы басқа ұлт өкілдерінен құрылып, Кеңес тәртібін құлатуды жүзеге асыру

мақсатын көздейтіндіктерін жариялайды. Бұл шешім Германияда өткен конференцияда дәл осы жылы қабылданады. Кеңестік билікке қарсы бағытталған мұндай саяси күрестер бұған дейін де бірнеше рет ұйымдастырылған болатын. Бірақ нәтижесі сәтсіз болған. Себебі большевиктік диктатурадан азат ету мақсатын көздеген орыс, грузин, беларус, армян, азербайжан, солтүстік Кавказ, Түркістан халықтары коммунистік диктатураны жойып, өз тағдырларын демократиялық жолмен жалғастыру және коммунистік құлдықпен күреске шақыруды үндейтінін жеткізеді. Бұл үндеуді қолдаған Америкалық Комитет басшысы Юджин Лайонс Висбаден конференциясында бұл мәлімдемеге «орасан маңызы бар тарихи оқиға» деген баға береді. Кейін Комитет басшылығы АҚШ-тың КСРО-дағы бұрынғы елшісі, адмирал Алан Г. Керктің қолына ауысады. Осы тұста жаңа басшылық радио жөнінде комиссия құрып, оның редакциялық алқасын жасақтайды. Бірнеше редактор, журналист, директорлар жұмысқа қабылданады. Радиостанцияны қаржыландыру да Комитет арқылы жүзеге асады.

Бұл жөнінде профессор Н. Омашев: 1953 жылы «Большевизмнен азат ету» радиосы алғаш эфирге шыққанда 2 антенна, 10 кВт қысқа толқынды 2 хабар таратқыш болған», – деп жазады. Сонымен орыс тіліндегі хабарлар тәулігіне 12 сағат ақпарат беріп отырған. Кейін Орта Азия мен Қазақстан аумағына да радиохабар тарату мүмкіндігі пайда болады. Түркі тектес халықтардың «Түркістан» деп аталатын радиосы осы тұста ашылады. Оны алғаш басқарған Қарыс Қанатбай Орта Азия мен Қазақстан үшін бір редакциядан ақпарат таратуға қол жеткізеді. Түркі тектес халықтардың бір ақпараттық орталыққа бірігуінен отаршылдыққа қарсылық таныту, ұлттар бостандығы мен теңдігі үшін күресінің айқын көрінісі ретінде бағаланады. Эмигранттардан құрылған халықтар өзара ынтымақтаса отырып, бірлесе қимыл танытқанын көрсетті. «Түркістан» редакциясында алғаш бес адамнан тұратын ұжымда 1 қазақ, 1 өзбек, 1 түркімен, 1 қырғыз, 1 қарақалпақ өкілі хабарлар даярлау ісіне кірісті. Сондықтан «Түркістан – 1», «Түркістан – 2», «Түркістан – 3» деп аталатын бөлімдермен қоса «Қазақ бөлімшесі» қазақ тілінде ақпарат тарата бастайды.

АҚШ Конгресінің қаржылық жағынан көмектесуімен «Азат Европа», «Азаттық» радиостанциясы, Шығыс Европа мен Батыс жағалауы елдері, сондай-ақ бұрын Кеңестер құрамындағы республикаларға 23 тілде хабар

жеткізіледі. Тындармандар саны 53 миллионға жетіп, халықаралық дәрежедегі ақпараттар кеңістікке тез тарап кетеді. Бірақ 70 жылдан кейін «Азат Европа» мен «Азаттық» радиостанциялары Орталық Барлау басқармасымен тығыз байланыста қызмет атқарады. Бұған дейін радиоларды қайырымдылық қорлары мен меценаттар қаржыландырады деп айтылып келді. Кейін радиостанциялар қоғамдық қаржыландыру ұйымдарына өтіп, оған сенатор Уильям Фулбрайт төрағалық етеді (Омашев N, 1992 а: 308).

Зерттеудің өзектілігі

Қазіргі таңда әлемде қырыққа жуық мемлекетте 5 миллионнан астам этникалық қазақтар өмір сүруде. Олар өзінің ата-жұрты жайында мәліметтерден хабардар болу үшін 1992 жылғы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының көмегімен түрлі мәдени байланыстар жасайды. Әсіресе, қазақ халқының тілі мен ділі жайында, әдебиеті мен мәдениетінен радиолар арқылы ақпараттарды тез арада алып отырады.

2011 жылы Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайында Елбасы Назарбаев «Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қастерлі құбыласы» атты баяндамасында кез келген қазақ баласы дүниенің қай бұрышында жүрсе де өзінің тұтас халқының бір бөлшегі екенін естен шығармағаны жөн екенін айтты. Сондықтан қандастарымызға ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізден хабардар болып отыруына ықпал етуіміз керек екендігін жеткізді. Қандастарымыз тұрақтаған аймақтарда ұлтымыздың аса құнды ескерткіштері мен жәдігерлері сақталған. Осы тұста Елбасы ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Мәдениет министрлігіне құнды деректер мен мұраларды жинастыруды тапсырды. Қазақтардың әдебиеті мен өнері жайында Ресей, Моңғолия, Өзбекстан, Түркіменстан сияқты қандастарымыз тығыз орналасқан елдерге зерттеулер жүргізілді.

Мәселен, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 2012-2014 жылдарға арналған «Шетелдегі қазақ әдебиеті мен өнері» атты бағдарламасын бекітіп, дүниежүзі қазақтарының әдебиеті мен өнері турасында іргелі ғылыми монографиясын жарыққа шығарды. Бағдарлама аясында кешенді ғылыми экспедиция Ресейдегі Самара, Астрахань, Өзбекстандағы Ташкент, Бұхара, Самархан қалаларында болып, ұлттық фольклорлық мұралар мен ауызша әдебиет үлгілерін жинастырып қайтты.

Моңғолияға бағытталған экспедициялық жұмыс тобының қазақтар көп шоғырланған

Баян-Өлгий аймағында тұратын кісілердің аузынан жазып алынған бірнеше қара өлең, жоқтау, сыңсу, қисса-дастандары жинақталып кітап болып басылып шықты. Телерадиохабарлардың бірінде «Жорға аю» биі туралы айтылып, оның шығуы жайында аңыздар айтылды. «Жорға аю» биі күймен бірге орындалып, қазіргі қазақ қандастарымен бірге өмір сүріп келеді. Қандастар арасында «Жорға аю» биінің шеберлері Зұлхарнайын Бекбайұлы, Уатхан Имаммахмұтұлы, қарт ана Самалхан Марданқызы қазақтың халық мұрасын жеткізушілер болды. Қазақстандық зерттеушілер халық арасына әлі де кең тарала қоймаған жұмбақ өлеңдерді жазып алады.

1990 жылдары Түркияның мәдениеті мен өнері деген бағдарламасында шетелдік қазақ тілшісі Әбдул Қайымның Қазақстанның экономикасы, саясаты, мәдени жетістіктері туралы радиоақпараттары таратылады. Ал 1991 жылдың 25 қыркүйегі күні «Қазақ радиосының» «Ұшқын» атты жастарға арналған бағдарламасында Мұстафа Шоқайдың 1936 жылы Берлиннен сөйлеген сөзі беріледі. Оны дайындаған «Азаттықтың» тілшісі Қиял Сабдалы болатын. Хабарда шетелдік қандастарымыз тек қана шындық жолында ғана күресетінін жеткізді.

Зерттеудің мақсаты мен объектісі

Қазіргі таңда шет мемлекеттерде өз тілшілерімізді ұстау арқылы ақпараттарымызды өзіміз жинап, өзіміз әзірлеуіміз қажет. Осы ретте профессор Намазалы Омашевтың пікірлеріне сүйенсек, жаһандану жағдайындағы ұлттық мүдде мен ұлттық көзқарастан айырылып қалу қаупі де жоқ емес екендігі белгілі. Қазіргі ақпараттық тасқынның әсері әлсіздерді жағаға ысырып тастауға дайын тұр десек болады. Егер ақпарат тарату тізгінінен айырылсақ, ұлттық қаймағымыз бұзылып, рухани дүниемізден қол үзіп қаламыз. Қиялымыз да «тобырлық мәдениеттің» шырмауына түсіп, ана тіліміз шұбарланады, діліміз бен ажарымыз тозады. Осы тұста қазіргі қоғамдағы журналистің рөлінің арта түсуі аса маңызды болып отыр. Түйткілді мәселелерді ақпарат алмасу арқылы ғана шеше алатынымызды түсінуіміз қажет. Осыған орай радиотілшілердің жауапкершілігі де арта түседі.

XXI ғасыр заманауи радиожурналистердің алғырлығын талап етеді. Сонымен қатар арпалысқан ортада өз көзқарасын дәлелдеп, айтқанын болдыратын, ойын батыл айтып, ашық қорғай алатын қайсар мінезді, ұлтын шексіз сүйетін

тұлға ғана журналист болуға лайық. Журналистің басты қаруы терең білім болғандықтан ол ұдайы ізденіс жолында болып, білгенін одан әрі жетілдіріп отыруы тиіс. Сондай-ақ шығармалық тұлға сөз иесі әрі еңбекқор болғаны ләзім. Журналистиканың ыждағатты тәжірибе арқылы қалыптасып, оның кәсіби шеберлігі уақыт тезінен өтіп шыңдалатын, шынығатын мамандықтардың бірі екендігін ұмытпаған жөн.

Қазіргі таңда Қазақстанда Ресей БАҚ-тың экспансиясы күшейіп тұрғанын аңғаруға болады. Көрші Ресей мемлекетінен келген газет-журналдар мен кітаптар елімізде еркін таралып, үлкен сұранысқа ие болып отыр. Сонымен қатар олардың жетекші телевизиясы мен радиоарналарының да Қазақстан аумағын қамтып отырғанын байқауға болады. Рунеттің ақпаратын тұтынушылар қатары жылдан жылға өсіп келеді. Қазақстан мен Ресей арасындағы екі жақты ынтымақтастық жағдайлар тек мәдени жетістіктер арқылы ғана ұтып отырған жоқ. Мысалы, ресейлік кәсіпкерлер Қазақстанға өз өнімдерін өткізу арқылы табыс тауып, әсіресе, оны жарнамалаудан қомақты табысқа ие болып келеді. Олармен бәсекелестік бағытта біздің ұлттық БАҚ-та дамып, кәсіби біліктілігін жетілдіруге үлес қосуда. Ресей мемлекетімен бірге еліміздің ақпарат кеңістігінде басқалардың да үлесі бар екендігін айқын аңғаруға болады. Олардың алдыңғы қатарында бірінші «Азаттық» радиосының Қазақ қызметі бой көрсетеді. Радионы АҚШ Конгресі қаржыландыратын болғандықтан ақпараттық холдинг әлемнің бірнеше елдеріне ана тілінде хабар таратады. Ал «Азаттық» қазақ тілінде хабар таратуы 70-інші жылдары бастаған болатын. Кеңестер одағы кезінде ол біржақты ақпараттық саясатты ұстанып, кейіннен демократиялық қоғам құруға көмектесеміз деп жар салды. Бүгінге дейін бейтарап саясатты ұстанамыз десе де, түптеп келгенде өз мүддесіне бағынышты екендігі аңғарылып қалады, сондықтан батыстағы ірі қаржылық және саяси топтардың мүддесін көздейтіндіктері айқын көрінеді. Олар объективті, шыншыл хабарларды таратуға тырысқанмен, саяси топтың сойылын соғуға мүдделі болып саналады. Қазіргі таңда «Азаттықтың» хабарларын Қазақстан еркін тыңдай алады.

Шетелдегі ақпарат даярлау технологиясы жағынан қалыптасқан дүниежүзілік ірі медиа-орталықтардың бірі – ағылшынның Би-Би-Сиі. Оның қазақ тіліндегі хабарлары алғаш рет 1996 жылдың 6 маусымынан бастап таратыла бастады. Би-Би-Си 43 тілде хабар тарататын болғандықтан

Дүниежүзілік қызметтің құрамына кіреді. Қазақ тілді хабарлардың негізі 1932 жылы қаланды. Ал 2003 жылдың 27 қазанынан бастап, оның қазақ тіліндегі қызметі қайтадан жандана бастайды. Оның жаңалықтар бюллетенін әзірлеп, дүниежүзіндегі өзекті мәселелер бойынша сарапшылар мен саяси қайраткерлермен сұхбат құру жұмыстарымен айналысады. Ағылшын тілін үйренушілерге радиосабактар жүргізеді. Лондондағы Орталығында Астана, Алматы, Ташкент, Мәскеу қалаларынан жұмысқа келген стрингерлер қызмет істейді. Қазақстанда Би-Би-Си-дің Қазақ қызметінің хабарларын қысқа, орта және УКВ толқындарынан тыңдауға болады. Би-Би-Си қоғамдық арна болғандықтан оны интернет арқылы тыңдау мүмкіндігі мол. Оны мемлекет тарапынан қаржыландыру және басқару жүзеге аспайды. Басты табысы жарна төлейтіндердің төлемі мен жарнамадан түседі. Сонымен қатар ақпараттық бейтараптық сақталғандықтан саясат пен экономика мәселелері терең сарапталады. Оның таратқан ақпараты аудитория үшін сенімді. Дүниежүзіндегі беделге ие корпорация болғандықтан оның ақпараттық саясаты мен қауіпсіздік мәселелері айқын қорғалады (Graham M., 2011: 33). Қазіргі таңда санаға манипуляция жасау, қоғамдық пікірді бұрмалаушылық, үкіметтік көзқарастарды таңу сияқты құбылыстар байқалып отыр. Сондықтан БАҚ ірі қаржы топтары мен белгілі олигархтардың қолына шоғырланып, қолшоқпарына айналу үстінде. Қазақстанда да қоғамдық телерадиохабар тарату мәселесінде де шешілуге тиіс проблемалар жетерлік. Бұл жағдайда оның қаржылық дербестігі қамтамасыз етілуі маңызды болмақ. Радиолар қоғамдық негізде басқарылғандықтан оған әр түрлі әлеуметтік топ пен зиялы қауым өкілдері енеді. Шешім көпшілік мүддесі тұрғысынан қабылданады. Қоғамдық прогреске ықпал етіп, жаңалықтарды таратуға, мәдениетті көтеруге, білім беруге бағыт береді.

Елімізде қазақ тілінде шетелге хабар тарататын арнайы арналар мен редакциялар жұмыс істеді. Шет мемлекеттердегі қазақтар үшін «Шалқар» радиостанциясының шығармашылық ұжымы айырықша болды. Оның ақпараттық-музыкалық арнасы кезінде Қытайға, Моңғолияға, Өзбекстанға, Қырғызстанға тарайтын болды. Сонымен қатар Украинада күшейткіштер арқылы Еуропаға радиохабарлар таратылып, өз аудиториясын қалыптастырып үлгерді. Нарық заманы туғанда ол жабылып қалып, қайтадан ашылады. Оның хабарлары Алматы аймағына да тарайтын болды. Бірақ, шет елдерге хабар жеткізетін қуаттары әлсіз болды.

1966 жылы «Шалқар» ұлттық арнасы эфирге тұңғыш рет шығып, журналистік мектеп пен бай дәстүрдің шежіресін қалыптастырды. Радиожурналистердің кәсіби шығармашылығы, інжу-маржан туындылары мен гауһар дауыстары тарих қойнауына жөнелтіліп, «Алтын қорда» сақталып қалды. Дегенмен, бүгінгі таңда да эфирлерден сол жылдардың «Алтын қорында» сақталған жазбалары беріліп тұрады. Себебі бұл жауһар хабарлар әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ деп саналады.

Бұл жөнінде профессор Намазалы Омашев: «Шалқар» – Қазақ радиосының ажырамас бөлігі, өзі шаңырағы болса, соны ұстап тұрған қабырғасы мен іргесі. Қазақстандағы радио тарихына қатысты еңбектерде ғалымдар «Шалқарды» айналып өтпейді. Ол ұлт тарихының алтын қазынасы», (Омашев Н., 2007 а: 134) – дейді.

Зерттеудің ғылыми-теориялық базасы мен әдістері

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Журналистика мәселелерін зерттейтін институттың зерттеулері бойынша жарыққа шыққан еңбектерде шетелдердегі қазақ тілді радиохабарлар кеңінен қарастырылып зерттелді. Атап айтқанда А. Бейсенқұлов, К. Қабылғазина, Р. Нуриден, Ж. Әбдіжәділқызы, О. Ошановалардың ғылыми зерттеулері шетелдік радиостанциялардың Қазақстанға таратқан ақпараттарын сараптап талдауға құрылады.

Кеңестік заманда тек Қытайдың өзінде қазақ тілінде хабар тарататын екі радиостанция жұмыс істеді. Бейжин және Шыңжаң радиостанцияларында, сонымен қатар Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында, Иран және Түркия елдерінде қазақша хабарлар таратылып тұрды. Ресей, Өзбекстан және Қырғызстаннан да қазақ тілінде хабарлар беріліп тұрды (Baumolda D., 2012 b : 309).

Бұл жөнінде халықаралық радио тарихын зерттеуші, ғалым Д. Баймолда: «Шыңжаңдағы халық радиосы 1955 жылы 15 ақпанда қазақша алғашқы хабарларын тарата бастады. Сол кезден бастап Шыңжаңның радио істерінде жаңа бір бет ашылды. Қытайдағы қазақ радиосының алғашқы дикторы Кәрімбек Әлімбаев әлемге қазақша алғашқы хабарларды қалай жеткізгені туралы: «1955 жылдың 15 ақпаны өмірімдегі есімнен кетпес күндердің бірі. Сол күні, диктор Сарқыт Байтақова екеуіміз «Шыңжаң халық радио станциясынан сөйлеп тұрмыз» деп радио хабарын қазақша дүниеге тараттық. Сол күннен бастап еліміздің радио тарихында қазақ үні

эфирге тарады», (Baumolda D., 2012 g: 309) – деп еске алады. Шыңжаң халық радиосының қиын кезеңдері осы жылдары басталды.

Қазіргі таңда Қытайдағы этникалық топтардың ана тілдерінде ғаламтор желісін қолдану қарқыны үлкен айырмашылықты көрсетіп отыр. Орталық және провинциялық үкіметтер қолдайтын этникалық тілдер ғаламторда ықпалды болумен қатар кең таралды. Қытайдағы радио мен теледидардың этникалық тілдерде ақпарат тарату бағыты негізінен желілік трансляциялар жүргізіп, халық әндерін орындау мен жан-жақты тілдерді оқытуға бағытталды (Омашев Н., 2007 g: 134). Желілердің конвергенциясы нәтижесінде ақпараттың әр түрлілігі қалыптасқан. Әсіресе, визуалды, мәтіндік және аудио ақпараттар, иконографика және т.с.с. тарату мүмкіндіктері басты жолға қойылған. Біріншіден, мемлекеттік радиостанция ретінде Қытай ұлттық радиосында (CNR) моңғол, тибет, ұйғыр, қазақ және корей этникалық топтарының хабарлары өз ана тілдерінде таратылады. Ал облыстық радиостанциялар ішінде Шыңжаң хабар тарату станциясы (<http://www.xjbs.com.cn/aod/gushigb/>) ұйғыр, қазақ, моңғол және қырғыз тілдеріндегі хабарларды таратады.

Қазақ тіліндегі радиобағдарламалар мазмұнды, сапалы рухани дүниелермен толығып, кәсіби деңгейі жағынан өсе түсті. Қазіргі таңда Шыңжаңдағы қазақ радиосы Қытай коммунистік партиясының саясатын насихаттаушы БАҚ құралы болып саналады (Омашев Н., 2007 b: 134).

Ал Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы 1940 жылдан бері «ұлттық аймақ» деген мәртебеге ие болған соң, жергілікті қазақтарының ұлттық ерекшеліктеріне назар аудара біліп, қазақ баспасөзі мен қазақ тілінде хабар тарататын радиотораптарды дамытуды көздеді. Моңғолияның батысында шалғай орналасқан Баян-Өлгей аймағының қазақ тіліндегі алғашқы хабарлары 1944 жылдан эфирге тарай бастады. Бұл радиохабарлар арқылы елдегі сондай-ақ шетел жаңалықтары шартарапқа қазақ тілінде тарай бастады. Хабарлардың мазмұны халықты білім алуға, өнерге, мәдениетке және мал шаруашылығын өркендетуге шақырды. Моңғол Халық Революциялық Партиясының саясаты бұқара халыққа радиохабарлар арқылы қолжетімді болды.

Моңғолиядағы қазақша ақпарат тарату жүйелері мына үш қызметке бағытталған: Кеңестік Қазақ Республикасынан музыкалық білім мен технологияны импорттау (1950-1960 жж.); Қытай-кеңестік бөлінуден кейінгі

радиостанциялар мен аудио мұрағаттарды құру (1960-1980 жж.); Моңғолиядағы қазақ музыкасының жинақтарын (1960-1980 жж.) шығару болды. Бұл іс-шаралар Моңғолиядағы постсоциалистік кезеңдегі қазақтардың өздерін тануға итермелейтін күш болды. Моңғолиядағы қазақ мәдениеті Баян-Өлгийдің географиялық оқшаулануы арқасында сақталып қалды.

Ал Ирандағы қазақ радиосы 1996 жылы 20 маусым күні ашылып, Иран қазақтары тұратын Гүлістан аймағының орталығы Горган қаласында өз жұмысын бастайды. Радиоға мамандар тартылып, парсы тілінен қазақшаға аудармашылар дайындалады. Дикторлық шеберліктің әдіс-тәсілдерін үйретуге бет бұрады. Қазір астанасы Тегеранда Иран радиосының қазақ бөлімі күніне бір сағат хабар таратады. Осы бір сағаттық бағдарламаның өзінде елдің маңызды деген жаңалықтары халықпен қауышады. Ақпараттар көзі Иранның ИРНА ақпарат агенттігі мен орталық хабар бірлестігінен іріктеліп алынады. Тілшілер қауымы агенттіктер дайындаған хабарларды қазақ тіліне аударады. Хабарлардың көпшілігі дінтану, өлкетану, Иран елінің тарихы мен мәдениеті, әдебиетімен таныстырады. Радионың тікелей эфиріндегі жаңалықтар мен саяси шолулар Иран радиосының интернет сайтындағы ақпарат деректері бойынша жасалып, Қазақстан мен Орта Азияға да жеткізіледі (Allan W., 1996 a: 120).

Түркияның «Түркия үні» атты радиобағдарламасы әлемнің 30 тілінде хабар таратады. Тікелей эфирде қазақ тілінде жүргізілетін хабарлары қысқа толқын арқылы жарты сағат бойы тыңдармандарымен қауышады. Қазіргі таңда қазақ тілді бағдарламаның хабар тарата бастағанына он жыл толыпты. Бұл хабарлардың күнделікті интернет парақшасын жүргізетін әрі редакторы болып қызмет атқаратындардың бірі Торғын Сұлтанқызы.

Ол 1992 жылы Қазақстан Президенті Н. Назарбаев пен Түркияның Президенті Сүлеймен Демирелдің екі ел ынтымақтастығын жалғастыру бағытындағы студенттерге арналған оқу алмасу бағдарламасы бойынша Түркияға келген екен. Т. Сұлтанқызы Анкарадағы Гази университетінің журналистика факультетін бітіріп, Түркияның мемлекеттік радиосы мен телевизиясына жүргізуші болып қызметке орналасады.

Торғын Сұлтанқызының айтуынша қазақ тілді тыңдармандардан хат-хабар, пікір ұсыныстар өте аз түседі. Сондықтан «Түркия үні» радиосын қазақ тілді барлық ағайындар да тыңдап, оған өз ықылас-ниеттерін танытып, үлес-

терін қосуы тиіс. Сондықтан жүргізуші хат хабар жіберетін радионың интернеттегі мекен-жайы мен электронды адресін – www.trt.net.tr, kazak@trt.net.tr ұсынады.

Жүргізушінің айтуына қарағанда, Анкарада он қазақ үйі орналасқан. Онда қазақ қоғамдарының түрлі мәдени шаралары ұйымдас-тырылып тұрады. Қазақстанның Түркиядағы консулдығының қолдауымен қазақ тілінің курсы ашылып, тіл үйренуге бет бұрған. Түркияда өтетін бұл мәдени шараларға Қазақстаннан көп делегациялар келіп, қазақ дисапорасымен кездесуді қалайды екен.

Интернет жүлделерін жеңіп алған Түркияның бірнеше мемлекеттік телерадиоларының интернет парақшалары жаңа бейнесімен тыңдармандардың көңілінен шығуға тырысады. Халықаралық қатынастар министрі Бинали Йылдырым ТРТ интернет парақшасының 30 тілде, бес кұрлыққа арнап 24 сағат бойы жүргізген эфирінің нәтижесінде түрлі мәдениет пен өркениеттің бірігуін жүзеге асырғанын жеткізді. «Қазақ тілді аудиторияға мәдениетіміз бен өркениетімізді әлемдік деңгейде түсіндіріп, адамзаттың дамуына үлес қосамыз» – (Yesdauletova A., Yesdauletov A., Sakh K., 2014: 55) дейді Торғын Сұлтанқызы.

ТРТ бас директоры Ибрахим Шахиннің пікірлеріне сүйенсек, ТРТ интернет парақшасы әлемдегі алдыңғы қатарлы бес интернет парақшаның арасында жүлделі орын алғанын жеткізді. www.trt.net.tr және www.trt-world.com адресеріндегі парақшалар техникалық инфрақұрылымы жағынан мықты болып, мазмұнының артықшылықтарымен көзге түсті. Оның 35 порталы мен сыртқы эфирлер бөлімшесінің 30 тілде дайындалған интернет эфирі қолданушыларға ұсынылған (Beril A., 2015). Парақша неміс, француз, түрік, ағылшын, итальян, испан, орыс, араб, албан, әзірбайжан, босняк, грек, болгар, қытай, дари, парсы, грузин, хорват, қазақ, қырғыз, венгр, македон, өзбек, румын, серп, татар, түрікмен, урду және ұйғыр, барлығы 30 тілде дүниежүзіне сенімді әрі жылдам түрде хабарлар таратады. Түркиядағы саяси-әлеуметтік, экономикалық-мәдени ақпараттармен бірге басқа да елдерге қатысты хабарлары да 30 тілде жеткізіледі. Ұсынылған радио эфирлері енді интернеттің интерактивтік қасиеттерімен бірлесе жүргізіліп, жаңаша бағыттармен сапалы тұрғыда жаңарып отырады (Allan W., 1996 a: 120).

Түркиядағы қазақтардың қоныстануы екі кезең бойынша жалғасын тапты деуге негіз бар. Олардың біріншісі, 1954 жылы Қытайдың Алтай аймағынан ауып, Гансу-Шыңхайды көктей өтіп,

Тибеттің үстімен жүреді. Одан соң Гималай тауына өрмелеп шығып, Үндістан мен Пәкістанға жетіп паналап, содан кейін барып қана Түркияға қиындықпен жеткен қазақтарды айтамыз. Түркі елі оларды мейірбандықпен қарсы алып, жеке-жеке ауылдар жасақтап, алдына мал салып, қолдарына жұмыс тауып береді. Он жыл бойы мойындарына ілінген салықтан құтқарып, естерін жиғызып, етегін жабуына көмектеседі. Екіншісі, Қазақстан тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі, бейбіт өмірдегі Түркияда тұруға өз еркімен қоныс аударған соңғы лекті атаймыз (Herzberg J., 2015: 44).

Зерттеудің негізгі қорытындысы және жаңалығы

Қысқасы «Азаттық» радиосының журналистері «Тәуелсіз Қазақстан» құруды арман етті. Әлемдік әуе толқыны арқылы қазақтың зиялы қауымымен тілдесіп, сыр бөлісіп отырды. Ал «Түркістан» редакциясының тілшілері өз Отанына келе алмағандықтан, эмигрант болып шетелдерде өмір сүрді. Эмигранттардың алғашқы өкілі ретінде Мұстафа Шоқай «Жас Түркістан» газетін шығаруды қолға алды. «Түркістан» ұлттық Комитетін Қарыс Қанатбай басқарған жылдары қазақ редакциясы хабарларының саяси мазмұны күрделене түсті. Асан Қайғы деген атпен танымал болған Мәулікеш Қайыпалдыұлы Берлинде аудармашылар курсы бітіріп, Майндағы Франкфурт университетінің неміс және ағылшын факультеттерінде білім алады. Асан Қайғыдан кейін редакцияны Дәулет Тағыберлі басқарып, Қазақстанға ақпараттар таратып жатты. Сондай-ақ қазақ тіліндегі хабарларды даярлауға 1950 жылдары Жәкібай Бапыш қатысады. Соғыстың алғашқы жылдарында ол тұтқынға түсіп, 1945 жылы одан қашып шығады. Ұзақ уақыт науқастан соң жазылып, ол 1952 жылы Нюрнбергтегі радиотехника институтына түседі. Бұл туралы зерттеуші-ғалым Р. Нуриденнің зерттеулерінде: – «Жәкібай Бапыш басшылық қызметке 1976 жылдың қыркүйек айында тағайындалды. Редакцияда адам аз, жұмыс көп. Оған қосымша демократиялық Батыс елдерінде әркім өз ісін, өз қабілетін іске асыру жолында күресе білді. Мысалы, редакцияға жаңа қызметкерлер алу, олардың жалақыларын арттыру, бағдарламалардың эфирге шығу мерзімін ұзарту сияқты жұмыстар Ж. Бапыштың денсаулығының нашарлауына дейін жеткізді. Соған қарамастан күрескер тұлға ұлтының ар-намысы үшін шыдауға тырыс-

ты», (Омашев Н., 2007 а: 134) – деп жазады. Ол большевизмнің империялық саясатына, Ресейдің отар халықтарды қорлаған нәсілдік және ұлттық нигилизміне қарсы мақалалар ұйымдастырады. Талантты басшы Мұстафа Шоқайдың идеологиялық көзқарасын негізге алып, хабарларын төрткүл дүниеге паш етуден тайынбады. Ал Кеңес баспасөзі мен радиосы болса, «Азаттық» радиосының «саяси Тәуелсіз Қазақстан» құруды уағыздайтын хабарларына тойтарыс беріп отырды. Бұл көріністі профессор Т. Кәкішев: – «Біздегі ең сойқанды, қара сойылды қателік Алашқа байланысты өрістеді. Қазақтың бүкіл интеллектуалды қуаты, ақыл-парасаты құрбандыққа шалынды. Алаш қозғалысы мен идеологиясын насихаттаған ақпараттар легі бұрмалауға ұшырады. Шындықтың шырайы қашты. Оның сойқаны бүкіл елдің психологиясын, ниет-пиғылын бұзды. Жарамсақтар мен нигилистерді сахнаға шығарды», (Омашев Н., 2007: 135) – деп жазды.

Шындықты айтқан «Азаттықтың» тілшілері қудалауға ұшырап, түрмелерге қамалып жатты. Солардың бірі Махмет Құлмағамбет марксизм-ленинизм мұраларын сынағаны үшін 32 жасында түрмеге қамалады. Түрмеде жазасын өтегендер Сургутте, БАМ-да, Сібірде ауыр жұмыстарға жегілді. Ол 1990 жылдары Қазақстандағы әскери полигондар, кеңес әскерлері, мемлекеттік қауіпсіздік туралы талдау материалдарынан құрылған хабарлары радиодан өз дауысымен беріле бастады.

1995 жылы «Азаттық» радиосы Мюнхеннен Прагаға көшірілген кезде басшылыққа Хасен Оралтай келеді. Оның «Шығыс Түркістан халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы», «Мағжан Жұмабаев», «1986 жылдың желтоқсаны» атты кітаптары жарық көрді. Тәуелсіздік жылдарында Хасен Оралтай ұлт күрескері ретінде танылып, «Алаш» сыйлығына ие болды. Кейін империялық Одақтың күйреуіне, социалистік жүйені құлатуға үлес қосқан бірнеше журналистер Талғат Көкбұлақ, Суат Шерушіұлы, Әбдіауақп Қара, Өмірхан Алтын т.б тұлғалар «Азаттық» радиосының қалыптасуына орасан үлес қосты. Жарты ғасыр уақыт бойы берілген радиохабарлар қазақ журналистикасының алтын қорын байыта түсті.

«Азаттық» радиосының «Соңғы хабарлары» әлем елдерінің ақпарат агенттіктерінен, мониторингтен түкпір-түкпірдегі арнаулы радио-агенттіктерден келіп түсіп жатты. Орталық бөлім тәулігіне 70-тен – 100-ге дейінгі аралықта ақпарат таратады. Редакторлар ақпараттарды

аудиторияның қабылдауына сәйкес өңдеп, эфирлерге дайындайды. Кейін «Азаттықтың» хабарлары арқылы «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан», «Алматы ақшамы» сияқты республикалық басылымдар әлемдік ақпараттар мен шалғайдағы оқиғалар жөнінде нақты мағлұматтар алуға мүмкіндік алады. «Азаттық» радиосының эфирлік хабарларында: «Өткенге де, бізге де, болашаққа да керегі – шындық! Қателесудің, қылмыстың шындығы емес, нағыз тағдырдың шындығы», – деген ұрандар айтылды. Кеңестік дәуір аяқталған соң 1993 жылы «Азаттық» радиосының орнауы жеке радиолардың дамуына жол ашты (Baymolda D., 2012 а: 308).

Талқылау

XXI ғасырдағы қазақтардың үштен бір бөлігі өз тарихи Отанынан алыстап, шалғай елдерде өмір сүріп жатыр. Сондықтан шет елдердегі қазақ диаспорасына арналған хабарлар таратудың маңызы зор деп санаймыз. Көрші Қытайда бір миллионнан аса қазақ тұрады және белгілі бір аймақтарға шоғырланған. Ресей де қазақтар көп орналасқан мемлекет. Онда жергілікті шағын радиостанциялар ғана жұмыс істейді. Ірі станциялар кездеспейді, шекаралас аймақтар ғана Қазақстанның радиосигналдарын қабылдайды екен. Иран ислам мемлекетінің де ресми хабарлары қазақ тілінде хабарлар таратып келеді. Моңғолия да қазақ тілінде хабар таратуға мүмкіндік беріп отыр. Баянөлгейде ірі қазақ радиостанциясы бар. Өзбекстан мен Қырғызстанда да қазақ тілінде шағын хабарлар эфирлерге тарайды. Соған қарамастан, қазақ тіліндегі ақпаратқа қол жетімсіз болып отырған қандастарымыз жер жүзінде көптеп кездеседі. Дегенмен, қазіргі интернет технологияларды пайдаланып, қандастарымызға қазақ тіліндегі хабарлар мен ән мен күйімізді жеткізе білсек, нұр үстіне нұр болар еді.

1986 жылғы қайта құру кезеңінде СССР мен АҚШ арасында алғашқы радиокөпірлер ұйымдастырылып, Мәскеу студенттері мен Оңтүстік Иллинойск университеттері арасында 2 сағаттық диалог өткізіледі. Мұнда жастардың келелі проблемалары сөз болады. Осындай үлгідегі хабарлардан радиопублицистикаға жаңа түр енгізіледі. Солардың бірі «Депутат арнасы» мен «Лик» (литература, искусство, культура) деген арнайы канал ашылып, мәдениет, әдебиет, өнер, мәселелеріне көңіл бөліне бастайды. 1990 жылы алғашқы коммерциялық

радиолар ашылады. Осы жылы «Эхо Москвы» деп аталатын коммерциялық радио дүниеге келеді. Ал 1991 жылы «1950-1970» жылдардың музыкасымен көркемделген Ресейдің «Радио России ностальгии» деп аталатын Франциямен бірлескен радиостанциясы өз жобасын бастады. Бұл радионың тұңғыш эфирге шығуына байланысты, бұқаралық радиожурналистикаға тән мемлекеттік монополия да тоқтайды. Жаңа бағытта дами бастаған радиожурналистиканың өзіндік ерекшеліктері пайда болып, көп радиолар дербестікке қол жеткізеді (Fuki Y., 2010:35).

Осы ретте республикалық «Қазақ радиосы» да дербестікке ие болды. «Қазақ радиосының» ақпараттық танымдық хабарлары көбейе түсіп, алыс-жақын шетелдерге хабар тарату ісі жолға қойылды. Германияның Қазақстандағы елшілігінің 10 жылдығына арналған тікелей эфир 3 сағат бойы жүргізіледі. Бұл хабардан тыңдармандар аудиториясы оның географиялық ерекшеліктері мен тарихын, әдебиеті мен мәдениеті жайында көптеген ақпараттарға қанық болады.

XXI ғасырдағы қоғамды байланыс құралдары мен электронды есептеу машиналарынсыз елестету мүмкін емес. Соның бастауында тұрған ғылыми жаңалықтардың бірі радио болса, ол күні бүгінге дейін одан сайын жетілдіріліп, жаңашылдық сипатқа ие болуда. Әсіресе, радио шекараны білмейтін, тосқауылсыз арнаға айналып, ғаламдандудың игілігін арттыра түспек!

Халықаралық радиохабарлардың арқасында зияткерлік қабілеттің өсуі, әдебиет пен өнер бағытындағы ұлттық интеллекті дамыту, оны үздіксіз қалыптастыру, сондай-ақ ұлттық сананың өсуіне жол ашылды. 1934 жылы Қазақ Коммунистік институты журналистер даярлау үшін Қазақстанның ақпараттық агенттігінің редакциясын ашумен қатар, газет, журнал, радио сынды ақпарат тарату орталықтарын іске қосты.

Ресейде тұратын Қошағаш ауданының тұрғындары мен Алтай Республикасының қазақтары тұңғыш рет зерттеліп, олардың жоқтау, тарихи аңыздар, қара өлеңдерге бай екендігі анықталды. Дүниежүзі қазақтарының Қауымдастығы Еуропада да кіші құрылтайлар өткізіп тұрады. Ұлыбритания, Австрия, Германия, Франция, Швеция елдерінде кіші құрылтайларда Елбасының Жолдауы бірнеше тілдерге аударылып жеткізілді. Қазақ халқының рухани мұралары «Атажұрт» баспа орталығынан басылып шықты. Онда Түркия, Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Ирандағы қазақ авторларының қазақ тарихына қатысты зерттеулері жарық көрді.

Қазақ ақын-жазушылары мен ғалымдарының қатарында Жаналтай Дәлелхан, Шабданұлы Қажығұмар, Алтай Халифа, Қинаятұлы Зардыхан, Сәмитұлы Жақсылық т.б. бар. Қауымдастықтың ұйымдастыруымен «Отаным – жаным, Ана тілім – арым» атты жас ақындар айтысы өтті. Қауымдастықтың Өнер орталығы «Бозторғай», «Айналайын» сияқты мәдени-этнографиялық фестивальдерін өткізуді дәстүрге айналдырып, мәдени жаңалықтарды әлемге қазақ тілінде жүргізілетін телерадио арналардан таратып отырды. Сондай-ақ «Шәмші Қалдаяқов» атты халықаралық фестивалге Ресей, Моңғолия, Өзбекстаннан келген оралман бауырлар қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Қазақстандағы «Балдәурен» сауықтыру орталығына жыл сайын шетелдегі қазақ балалары демалысқа келеді. Қазақ тілі мен әдебиетінен халықаралық олимпиадалар өткізіліп, оның жеңімпаздары Қазақстанның жоғары оқу орнының грандтарына ие болады.

Қауымдастықтың көмегімен жыл сайын Сауд Арабиясынан, Ираннан, Қытайдан, Түркиядан қазақ ғалымдары көшіп келіп, ғылым ордаларына қызметке орналасты. Шетелден келген ғалымдардың тәжірибелері біздің ғылыми орталықтар үшін орасан зор пайда әкелді. Олардың ішінде Моңғолияда Премьер Министрдің орынбасары болған Зардыхан Қинаятұлы, академик, лингвист, филология ғылымдарының докторы Қалиасқарұлы Қабидаш сияқты ғалымдарымыз бар. Қазақтың көне руникалық жазуларын әлемдік деңгейде зерттеген, филология ғылымдарының докторы Сартқожаұлы Қаржаубай ғылыми ортаға үлкен зерттеулер енгізді. Себебі олар араб, парсы, ағылшын, жапон, венгр тілдеріндегі шетелдік мұрағаттық деректерді өз Отанына жеткізді. Түркітанушы ғалым Сартқожаұлы Қаржаубай 1992 жылы 13 сәуір күні Елбасына хат жолдай отырып, өз ойын былайша жеткізеді: «Моңғолия біздің өмір сүруімізге қаншалықты қолайлы болса да, біз қазақтардың бас қосып, бірігуін қалаймыз. Қазақстанның демократиялық жолдағы іргелі елге айналуы үшін шетелдегі барлық қазақ диаспорасы бірге болуы тиіс. Моңғолияда тұратын 130 мың қазақтың барлық арман-мүддесі де осы», (Sadykuly S., Serdaly B., 2014:66) – дейді.

Қазір Отанына оралған бауырластарымыз халықтың демографиялық саясатына үлес қосып, олардың рухани және зияткерлік әлеуетін көтеруге әсер етеді. Сонымен қатар ғылымды, экономиканы, бизнесті, медицинаны да дамытуға атсалысып келеді. Қауымдастықтың жоспарлары күн сайын күрделене түспек. Сондықтан

шетелдегі қазақтардың өз Атамекенімен өзара ынтымақтастықты нығайту үшін де мәдени-ағартушылық, ақпараттық-рухани байланыстарды қамтамасыз етуі орынды болып саналады. Қазақ диаспорасының ұлттық интеллигенциясын қалыптастыру үшін де мемлекеттік саяси жүйе арқылы қолдаулар жасалуы тиіс. Оған БАҚ құралдарының да өзіне тиісті ақпараттық-саяси ықпалын жүргізе білуі маңызды бола түседі.

Әсіресе, шетелдік радиохабарлар көбірек үгіт-насихат жұмыстарымен айналысып, әлем қазақтарының назарын өзіне аудара білуі тиіс. Қазақтардың көпшілігі Өзбекстанның Қарақалпақстан Республикасында, сонымен қатар Жызак, Ташкент, Бұхара, Сырдария, Хорезм аймақтарында шоғырланған. Өзбекстан Орта Азия елдерінің ішінде халқының саны жағынан ең алдыңғы қатарды құрайды. Жалпы халық саны 29123400-ге жетеді. Мұндағы қазақ қоғамын толғандыратын мәселе – көші-қон мәселесі болып саналады. Себебі көші-қон мәселесінің Қазақстан тарапынан әлсіреп кетуі соңғы жылдары байқала бастады. Оған себеп әлі де Өзбекстан қазақтары үшін заңды күшіне енген тұжырымдама жоқ. Оған миграция қызметкерлері де тұщымды жауап бере алмайды. Оның кейбір себептері көші-қон қызметінің Еңбек министрлігінен Ішкі істер министрлігінің қарамағына өтуі әсер етуі мүмкін деп болжауға болады. Бұған дейін Еңбек министрлігінің құзырында болған кезеңде адам мүддесі көбірек қорғалатын, ал полиция дегенде тек қана қылмыс пен жазаға қатысты іс-әрекеттер ғана ескерілетін сияқты. Сонымен қатар көші-қон саласындағы жемқорлықты да атап өтуге болады. Оны түп-тамырымен жою да қиындықтар тудырып, оралмандардың парасыз мәселесі шешілмей тұрған жағдайлары туралы отандық БАҚ беттерінде көп жазылды. Осы тұста мемлекет те жемқорлықты жою тетіктерін қарастырғаны жөн деп санаймыз.

Сонымен қатар сарапшылардың зерттеулеріне сүйенсек, оралмандарды Қазақстан аумақтарына оңтайлы орналастыру мәселесін шешу қажет. Мәселен, Өзбекстанның қазақтары Оңтүстік Қазақстан облыстарына келуге тырысады. Ал біздің елге маңыздысы Оңтүстікке қарағанда Солтүстік Қазақстанды қазақыландыру болып отыр. Осы мәселеге байланысты көші-қонға жауапты институттар да соңғы жылдары жауапсыздық танытып отырғаны байқалады. Мәселен, ПМ, Миграция Басқармасы, Елшіліктер мен Еңбек министрлігі көші-қонға қатысты тенденцияларға сараптама жасап, талдау жұмыстарын жүргізе білуі

шарт. Бұл жөнінде БАҚ-тың радиоарналар қызметі көбірек сараптамалық бағдарламалар дайындап, сұхбаттар беруі тиіс. Осы орайда БАҚ оралмандардың тартымды имидждерін қалыптастырып, атажұртын аңсап келген қандас бауырларымыздың көшіп келуіне тілектес болып, қол ұшын беруі қажет. Жалпы көші-қон үдерісі мемлекеттік идеологиялық тұрғыда қамтамасыз етіліп, олардың имиджін арттыруы маңызды деп санаймыз. Сондай-ақ оралмандарға берілетін квота санын арттыруға да көңіл бөлінуі тиіс. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржы оралмандардың қажетіне жұмсалыуы тиіс. Атажұрт деп отанына оралғысы келген әр қазақтың тиісті ақпаратпен қамтамасыз етілуі БАҚ-тың құзырында болуы маңызды. Әсіресе, радиохабарлардың Қауымдастықтың жұмыстарымен таныстырып, қызықты ақпараттарды жеткізудегі басты мақсаттарына айналуы сөзсіз.

Еліміз тәуелсіздігін жариялаған соң құшағын айқара ашып, қуанышпен қабылдаған ел Түркия елі болатын. Бауырлас екі елдің арасындағы қарым-қатынас пен достық қанатын жайып келеді. Түркия елі мен Қазақстан стратегиялық маңызы бар әріптестікті орнатып, түрлі мәдени жетістіктерге қол жеткізуде. 2018 жылы «Қазақ радиосы» мен Түркияның ТРТ телерадиокорпорациясы өзара шығармашылық байланыстар орнатып, біздің журналистер әуе толқынынан тұңғыш рет қазақ тілінде хабар жеткізді. Қазақ радиосы «Алматы» студиясының жүргізушісі әрі редакторы Жанар Оразымбетова Түркия елінде іссапарда болып қазақша хабар таратты. Әрине, Түркия жерінен алғаш хабар тарату Қазақ елі үшін елеулі жаңалық болды. Оны тыңдаған қазақ бауырластар да өз қуаныштарын білдіріп, қазақ журналисін құрметтеп жатты. Сол жылдары радио күнін әлемдік деңгейде өткізудің сәті түсіп, Түркия елі таңдалған еді. Хабар жүргізу барысында әр елдің радиожурналистері бір-бірімен тәжірибе алмасып, пікір алысты. Түркиялықтардың «Қазақ радиосына» деген ыстық ықыласы да байқалып тұрды. Біршама жобалар мен жоспарлар да ұсынылып, Түркияның ТРТ корпорациясының басшыларымен келіссөздер де орын алды. Қазақстаннан Қазақ радиолары ЖШС бас директоры Мәди Манатбектің келісімімен екі ел арасында шығармашылық байланыстар нығая түсті.

Қазақ радиосында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен талантты радиожурналист әрі жүргізуші Ж. Оразымбеттің айтуынша, шетелде болған эфирдің ауыр болғандығы байқалды. Әсіресе, ТРТ корпорация төрағасының бірінші орынба-

сары Еркан бей Дурдумен бірге өткен тікелей эфирге қатысу оңайға түспеді. Тікелей эфирдің барысында Еркан бей Дурдудың қазақ руханияты жайында қозғаған әңгімелерінен Қазақстан жайлы ақпараттарға өте қанық екендігі байқалды. Екі ел арасындағы байланысты арттыру мақсатында телерадиокорпорация басшысы көп ұсыныстар білдірді. Осылайша Түркия мен Қазақстан арасында алтын көпір орнады. Түркиядан тараған радиоақпараттар сол күні еліміздің барлық аймақтарына таралып жатты.

Қазіргі таңда Түркияның шетелге бағытталған радиохабарлары «Түркия үні» радиосы арқылы жүргізіледі. 32 тілде хабар тарататын «Түркия үні» радиосы (Voice of Turkey) қазақ тілінде хабар таратуға соңғы он жыл ішінде кіріскен болатын. Түркия хабарларын қысқа толқынды таратқыштар, жерсерігі және интернет арқылы әлемнің барлық жеріне жеткізе алады. Бұл жөнінде зерттеуші Д. Баймолда: «Түркия үні» радиосы жергілікті FM радиоарналарын пайдалану арқылы да тарату байланыстарын кеңейте түсуді, неғұрлым тыңдармандарына жақын болуды және эфирдің жергілікті мазмұнын арттыруды көздейді. «Түркия үні» радиосы сенімді бұлақтардан алынған хабарларын бейтараптық принципті ұстанып, тыңдармандарына тез, жылдам жеткізуге асығады. «Түркия үні» радиосының қазақша редакциясы 1998 жылы қыркүйек айында ашылды», – деген мәліметтер білдіреді.

Қазіргі таңда Түркияның түркі тектес елдердің басын біріктіру мақсатында тек ғана радио емес жалпы БАҚ арқылы қарқынды іс әрекеттер жасауға бағыт алғанын байқауға болады. Мәселен, «Бірлік» мағынасындағы AVAZ радиоарнасы, көптеген түрік диалектілерінде ДАУЫС деген ұғымды білдіреді. Сондықтан аталмыш арна 27 елдегі шамамен 250 миллион адамға, Таяу Шығыстан Кавказға дейінгі Түрік республикаларының ортақ дауысы ретінде қалыптасып келеді.

«Азаттық» радиостанциясы халықаралық мәселелерді талқылай отырып, «қырғи-қабақ» соғысты аяқтауға, қару-жарақты жою, адам баласына төнген қауіп-қатерлерді, аштық пен ауруларға жол бермеу мақсатында көрнекті ғалымдар мен жазушылардың мақсат-мүдделерінен шығуға атсалысты. Бірақ 50 жылдардың басында Кеңестер Одағы «Азаттық» радиосын тыңдағандарды және оны таратқаны үшін, радиостанциялармен байланыс жасаған тұлғаларды да қудалауға тырысты.

Академик Д. Сахаровтың жұбайы Е. Боннэр осы кезең туралы: – «Қысқа толқынды»

радиоқабылдағыш қалтасында көк тиыны жоқ Кеңес зиялылары арасында ең қажетті бұйым болды. Шын ақпарат іздеу жолында адамдар қысқа толқынға құлақтарын тікті», – деп жазды. Ғалымның бұл тұжырымдарынан Кеңес заманындағы шынайы ақпараттың көзі «Азаттық» арқылы жеткізілгенін айғақтаймыз. Кеңестер Одағы болса шынайы радиоақпараттарды таратуға күш салып, оны тұншықтыруды одан әрі жалғастыра түсті. Радиоларға түскен сигналдарды түсініксіз етіп, қуатты бөгде шулар қосуға тырысты. Мұндай әдіс-тәсілдерді осы кезеңде «Америка дауысы» радиостанциясының ақпараттарына да қолданған болатын. Ал Батыс радиостанцияларының хабарларын тұншықтыру мақсатында Кеңестер Одағы 750 млн доллардан астам қаражат бөліп отырған. Бұл жағдайға БҰҰ 1950 жылдары ерекше назар аударып, оны айыптауға көңіл бөлді. 1985 жылы Хельсинкидегі Кеңестік қорытынды бойынша «Адам құқығын аяққа басу», «қырғи-қабақ соғыстың» жалғасы деген актілік қорытындылар жарияланды (Kabılgaзіna K., 2002: 45).

Бұл қарсылық әдіс-тәсілдер 80 жылдардың ортасына дейін жалғасады. 1985 жылы «қайта құру» жағдайына байланысты «Азаттық» радиосының жұмысы жаңа бетбұрысқа қарай бағыт ала бастайды. «Қазақ бөлімшесінің» жұмысына қазақстандық журналистер Қ. Сабдалы, әдебиетші Б. Дәрімбет, С. Бейісбай кейін Алматыға келіп өз бюроларының жұмыстарын жүргізуге кіріседі. Бұған дейін олар Мәскеуде, Киевте, Минскідегі радиоорталықтардан ақпарат таратқан болатын.

АҚШ-тағы адам құқықтарын қорғайтын «Бостандық» үйі демократия жолында күресе білген журналистер мен «Азат Европа» мен «Азаттық» ұжымы (1992) үшін өз жүлделерін тағайындайды. Кейін Коммунистік идеология мен тоталитарлық тәртіпті жою үшін қажымай-талмай ақпараттар таратқан журналистердің еңбектері өз нәтижесін берді. Жетпіс жыл бойғы туған тілі мен тарихы, діні сияқты ұлттық құндылықтардан айыруға тырысқан Кеңестер Одағы «коммунизм елесін кезіп, оған жетеміз» деп жүргенде-ақ ыдырауға ұшырайды (Bhavna D., 2007:110)

Осы ретте әуе толқыны арқылы елі мен жеріне деген сағынышын жеткізген «азаттықтар»

кешегі халық жауы атанған Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқайлардың дауыстары мен үндерін туған халқына үздіксіз жеткізіп отырады. Жазушы Шерхан Мұртаза да өз естеліктерінде: – «Азаттықтың» хабарларын бала кезімізде жастығымыздың астына қойып тыңдайтынбыз. Мағжан, Ахаң, Әлихандар туралы шындықты осы «Азаттықтан» естіп білдік», – деп жазады. Қазақ жеріне тың және тыңайған жерлерді игеруді бастағанда «Азаттықтың» тілшілері елінің жеріне деген аяушылық сезімдерін білдірген болатын. Олар «Жері жыртылған қазақ ата кәсібі болған малының жайылымынан айырылады емес пе?» деп зар қақты. Мұны «орыстандыру» саясаты деп бағалағандар журналистерді ұлт араздығын тудырушылар, іріткі салушылар деген жалаларға соқтырады. Шынында да, орыстың отарлау саясаты қазақ ұлтын тілі мен дінінен айырып, қазақ мектептерінің ашылуына жол бермеді.

Қорытынды және шешім

Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қазақ тілінің басымдығы қазақ тілінің идеологиялық көшбасшылық жағынан едәуір қуатты болуына мүмкіндік береді.

Мемлекет барлық радиохабарлардың кем дегенде 50% -ында қазақ тілінде сөйлеуді талап етеді және мемлекет қаржыландыратын радиолар бұл әрекетке жетекшілік етеді. Жалпы Қазақстанда мемлекеттік тілді орнатудағы радионың рөлі және олардың алдында тұрған міндеттері орасан зор. Бірақ бүгінгі таңда шетелдік ақпараттарға қарағанда орыс тілді радионың үстемдігі мен тілдік орта үшін тосқауыл қою жалғасын табу үстінде. Соған қарамастан қазақстандық радиолар теледидар және радио, баспа құралдары арқылы елдің көптеген жетістіктерін кеңінен насихаттауға үлес қосады.

Қорыта айтқанда, халықаралық ақпараттық кеңістіктегі қазақ тіліндегі радиохабарларды таратудың тарихи-даму кезеңдері тәуелсіз қазақ елінің тарихы мен бүгінін жалғастыра түспек. Шетелдердегі қазақша хабар тарататын радиолар қандастар өмірі жайында туған елін хабардар етумен қатар біртұтас түркі елінің ынтымақ бірлігін нығайтуға күш салатынына сенім мол.

Әдебиеттер

1. Allan W. World Broadcasting: A Comparative View, Ablex publishing corporation, 1996. p. 102
2. Yesdauletova A., Yesdauletov A., Sakh K. Kazakhstan in a Mirror of the World's Mass Media, Human Development, 2014. – A Multidisciplinary Research, Scientia Moralitas Research Institute.

3. Баймолда Д. Ұлттық идея және БАҚ. //Ақиқат, 7 тамыз, 2012.
4. Bhavna D. Kazakhstan, Transition Report. – 2006. Finance in Transition (London, UK: European Bank for Re-construction and Development).
5. Beril A. PUBLIC BROADCASTING IN TURKEY: TURKISH RADIO TELEVISION CORPORATION’S ROLE IN THE PUBLIC BROADCASTING, Faculty of Culture and Media Megatrend University Belgrade, – 2015. p.79
6. Graham M. Audience research at the BBC External Services during the Cold War: A view from the inside, Cold War History. – 2011. Volume 11 – Issue 1
7. Huang C. Chinese Ethnic Languages in Cyberspace, Institute of Ethnology and Anthropology, Chinese Academy of Social Sciences (Beijing, China). – 2008. p. 287.
8. Herzberg J. Telling Life, Writing War. The Diary of Maria Bruss, AvtobiografiЯ. – 2015. – Number 4.
9. J. MARIANI Linguistic and Cultural Diversity in Cyberspace, Proceedings of the 3rd International Conference (Moscow, 2015)
10. Charles T. SOCIAL MOVEMENTS HERE AND ELSEWHERE, NOW AND THEN. The Center for Research on Social Organization is a facility of the Department of Sociology at the University of Michigan. – 1999.
11. Fuki Y. Systematization of Kazakh music in Mongolia: activities of theater and radio station during the Soviet era. – 2010.
12. Қазақ журналистикасы. 3 томдық. 3-т.: Қазақ радиосы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 352 б.
13. Қабылғазина К. Дәуір үні. – Алматы, 2002.
14. M. Brown, A. Yerkimbay, K. Myssayeva, Radio and the Development of Kazakh as a National Language, Journal of Radio & Audio Media, Volume 24, – Issue, (2017).
15. NAREK N. (2010) NEW LANGUAGE POLICY OF KAZAKHSTAN: A PROJECT OF KAZAKHIZATION?, CONTEMPORARY EURASIA. – 2010. VI (1), p. 115
16. Омашев Н. Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі. – Алматы, 1992.
17. Омашев Н. Ұзынқұлақтан қазақ радиосына дейін. – Алматы: Санат, 2007. – 320 б.
18. Ramis R., Bulatova M. Convergent trends of national media development under contemporary conditions of globalization and modernization of media sphere. 14/Mayo-Junio, 2018. Vol. 7 Núm. p. 371
19. S.Sadykov, B.Serdaly, Birth And Development Of Kazakh National Journalism And Problems Of National Self Identification, Life Science Journal p.172, (2014).
20. Vojtech M. Soviet/east European Survey, 1987-1988: Selected Research And Analysis From Radio Free Europe/Radio Liberty, Routledge. 2019.

References

1. Allan W. (1996) World Broadcasting: A Comparative View, Ablex publishing corporation, p. 102
2. Yesdauletova A., Yesdauletov A., Sakh K. (2014) Kazakhstan in a Mirror of the World’s Mass Media, Human Development. – A Multidisciplinary Research, Scientia Moralitas Research Institute.
3. Baymolda D. (2012) Ulttiq ideya және BAQ [National idea and the media] Truth, August 7, 2012.
4. Bhavna D. (2006) Kazakhstan, : Transition Report 2006: Finance in Transition (London, UK: European Bank for Re-construction and Development).
5. Beril A. (2015) Public broadcasting in turkey: Turkish radio television corporation’s role in the public broadcasting, Faculty of Culture and Media Megatrend University Belgrade, p.79
6. Graham M. (2011) Audience research at the BBC External Services during the Cold War: A view from the inside, Cold War History, Volume 11 – Issue 1
7. Huang C. (2008) , Chinese Ethnic Languages in Cyberspace, Institute of Ethnology and Anthropology, Chinese Academy of Social Sciences (Beijing, China), p.287.
8. Herzberg J. (2015), Telling Life, Writing War. The Diary of Maria Bruss, AvtobiografiЯ – Number 4
9. MARIANI J. (2015), Linguistic and Cultural Diversity in Cyberspace, Proceedings of the 3rd International Conference, Moscow
10. Charles T.(1999), SOCIAL MOVEMENTS HERE AND ELSEWHERE, NOW AND THEN, The Center for Research on Social Organization is a facility of the Department of Sociology at the University of Michigan
11. Fuki Y. (2010), Systematization of Kazakh music in Mongolia: activities of theater and radio station during the Soviet era
12. Kazax jurnalistikasy. 3 tomдық. T.3: Qazaq radiosı. (2008) [Kazakh journalism. In 3 volumes. T. 3: Kazakh radio]. Almaty, Publishing house «Taimas», – 352 p.
13. Kabilgazina K. (2002) [The tone of the era] Almaty, – 115 p.
14. Brown M., Yerkimbay A., Myssayeva K., (2017),Radio and the Development of Kazakh as a National Language, Journal of Radio & Audio Media, Volume 24, – Issue 1
15. NAREK N. (2010) New language policy of Kazakhstan: a project of Kazakhization? Contemporary eurasia vi (1), p. 115
16. Omaşev N. (1992) Qazaq radiojurnalistikası: tarıxı, täjirıbesi [Kazakh radio journalism: history, experience]. Almaty, – 255 p.
17. Omaşev N. (2007) Almaty: Sanat, [Omashev N. From Uzunkulak to Kazakh radio] Almaty, 320 p.
18. Ramis R., Bulatova M. (14/Mayo-Junio2018), Convergent trends of national media development under contemporary conditions of globalization and modernization of media sphere, Vol. 7 Núm. p. 371
19. Sadykov S., Serdaly B., (2014), Birth and Development Of Kazakh National Journalism And Problems Of National Self Identification, Life Science Journal p.172
20. Vojtech M. (2019) Soviet/east European Survey, 1987-1988: Selected Research And Analysis From Radio Free Europe/ Radio Liberty, Routledge.